

Хаттама №1
«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы.

11 қаңтар 2018 жыл.

Қатысқындар: Симчук В.Н., Абулхаирова Г.Е., Бертеуова А.К.,
Жанабекова С.Ж., Дмитриенко Е.А., Даутов А.К., Джумабекова К.Г.

Қатыспағандар:

Мохначев А.В., Абаханова А.А. (себеппен) ауызша келісім.

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.

Канатова Р.М.

«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің директоры

2. Қамқоршылық кеңестің төрағасын және хатшысын сайлау.

Канатова Р.М.

«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің директоры

3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы.

Отырыстың барысы:

Бірінші сұрақ бойынша «Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің директоры Канатова Рауза Махметовна сөйледі. Ол қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамына тоқталды, Ақмола облысы білім басқармасының 2017 жылғы 24 қазандағы №300 бұйрығымен бекітілген ведомоствоға бағынысты ұйымдарда Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы бекітілгеніне тоқталды.

Аталған бұйрық бойынша «Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің Қамқоршылық кеңесінің құрамына енгендер:

№	Аты-жөні	Лауазымы	
1	Абулхаирова Гульнар Есеновна	Ақкөл ауданының әкімінің орынбасары	ҚК мүшесі
2	Симчук Валерий Николаевич	облыстық Мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер	ҚК төрағасы
3	Дмитриенко Елена Александровна	ҚР "Жұлдыз" ҚБ "Балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы" Президенті	ҚК мүшесі
4	Абаханова Алия Асхарбековна	"Best for Kids" ҚК Президенті	ҚК мүшесі
5	Мохначев Анатолий Владимирович	"Vlado Group" ЖШС директоры	ҚК мүшесі

6	Даутов Айвар Картбаевич	"Үміт сыйла" Корпоративтік Қайырымдылық Қоры Президенті	ҚК мүшесі
7	Джумабекова Куралай Габдулгамаровна	"Ана үйі" ҚК маманы	ҚК хатшысы
8	Бертлеуова Алма Кыдырбаевна	Ақкөл аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторы	ҚК мүшесі
9	Жанабекова Сауле Жанатовна	тәрбиеленушінің патронаттық тәрбиешісі	ҚК мүшесі

Екінші сұрақ бойынша балалар үйінің директоры Канатова Р.М. сөйледі. Рауза Махметовна қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылатынына тоқталды. Ақкөл аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторы Бертлеуова Алма Кыдырбаевна:

- Симчук Валерий Николаевич облыстық Мәслихат депутаты, жеке кәсіпкерді ҚК-тің төрағасы, "Ана үйі" ҚК маманы Джумабекова Куралай Габдулгамаровнаны хатшысы болып сайлансын -, деп ұсыныс жасады. Ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып

- Симчук Валерий Николаевич облыстық Мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер, "Ана үйі" ҚК маманы Джумабекова Куралай Габдулгамаровна хатшысы болып сайланды.

Үшінші сұрақ бойынша Симчук В.Н. сөз алды. Ол кеңестің мүшелеріне рахметін айта отырып, 2018 жылға Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарын құру керектігіне тоқталды.

Шешімі:

2018 жылға Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары бекітілсін. (Жұмыс жоспары берілген).

Төрағасы:

Хатшысы:



В. Симчук

К. Джумабекова